



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Ақпарат, кітапхана және баспа ісінің стандарттар жүйесі

**МУЗЫКАЛЫҚ ШЫҒАРМА БАСЫЛЫМЫНЫҢ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТЫ НӨМІРІ (ISMN)**

Баспалық рәсімделуі және қолданылуы

**МЕЖДУНАРОДНЫЙ СТАНДАРТНЫЙ НОМЕР
ИЗДАНИЯ МУЗЫКАЛЬНОГО ПРОИЗВЕДЕНИЯ (ISMN)**

Издательское оформление и использование

ҚР СТ 2202-2012

*(ISO 10957:2009 Information and documentation.
International standard music number (ISMN), MOD)*

Ресми басылым



«ҚазСтИн» РМК Оңтүстік филиалы
ТЕКСЕРІЛДІ/ПРОВЕРЕН

« 28 » 08 2018 ж.

Қолы

**Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар
министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**

Астана



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Ақпарат, кітапхана және баспа ісінің стандарттар жүйесі

**МУЗЫКАЛЫҚ ШЫҒАРМА БАСЫЛЫМЫНЫҢ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТЫ НӨМІРІ (ISMN)**

Баспалық рәсімделуі және қолданылуы

ҚР СТ 2202-2012

*(ISO 10957:2009 Information and documentation.
International standard music number (ISMN), MOD)*

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар
министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**

Астана

АЛҒЫСӨЗ

**1 «Қазақстан Республикасы Ұлттық мемлекеттік Кітап палатасы» РММ
ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

**2 Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар
министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының
2012 жылғы 08 қазандағы №472-од бұйрығымен БЕКІТІЛІП
ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

**3 Осы стандарт (ISO 10957:2009 Ақпарат және құжаттама. Музыкалық
шығарма басылымының Халықаралық стандартты нөмірі (ISMN) Information
and documentation. International standard music number (ISMN) халықаралық
стандартына сәйкес құрылымын өзгерту және қосымша ережелер (талаптар)
енгізу жолымен өзгертілген, стандарттың Кіріспесінде себептеріне
түсініктеме берілген.**

ISO 10957:2009 халықаралық стандартын ISO/TC 46 Ақпарат және
құжаттама, Техникалық комитеті, SC 9 «Анықтау және сипаттау» комитеті
әзірледі.

Аударма ағылшын тілінен - (en).

ISO 10957:2009 халықаралық стандартының негізінде әзірленген осы
ұлттық стандарттың ресми данасы «Нормативтік техникалық құжаттардың
бірыңғай мемлекеттік қорында» бар.

Халықаралық стандарттың құрылымын осы стандарт құрылымымен
салыстыру А қосымшасында көрсетілген.

Сәйкестік дәрежесі - түрлендірілген (MOD).

**4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ**

2018 жыл
5 жыл

5 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

*Осы стандартқа енгізілген өзгерістер туралы ақпарат «Қазақстан
Республикасы стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар»
көрсеткішінде, ал мәтіндегі өзгерістер ай сайынғы «Мемлекеттік
стандарттар» ақпараттық көрсеткіштерінде жарияланады. Стандартты
қайта қараған (тоқтатқан) немесе өзгерткен жағдайда тиісті
ақпараттар ай сайынғы «Мемлекеттік стандарттар» ақпараттық
көрсеткішінде жарияланады.*

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

Мазмұны

Кіріспе	V
1 Қолданылу саласы	1
2 Нормативтік сілтемелер	2
3 Терминдер және анықтамалар	2
4 Ноталық басылымдардың Халықаралық стандартты құрылымы	3
5 ISMN ноталық басылымдарда орналасуы	4
6 Ноталық басылымдарға ISMN тағайындау	5
7 Ноталық басылымдар штрих-кодының белгісі	6
А қосымшасы (<i>ақпараттық</i>). Халықаралық стандарттың құрылымын ұлттық стандарттың құрылымымен салыстыру	8
Библиография	10

Кіріспе

Музыкалық шығарма басылымының халықаралық стандартты нөмірі (ISMN) ноталанған түрінде жеке сәйкестендіру жүйесі ретінде Халықаралық стандартты кітап нөмірін (ISBN) толықтыру үшін музыкалық жарияланымдар секторымен әзірленді. ISMN жеке сала ретінде қолданылуы ноталық басылымдарды жеткізудің ауқымды тізбегі шеңберінде жарияланымдардың жеке түрі ретінде теңестіруге және мамандандырылған музыкалық шығармалар нарығы үшін басқа да қызмет түрлерін, фирмалар жайында анықтамалықтар әзірлеуге мүмкіндік береді. Қосымша айтқанда, ISBN құрылымына ұлттық жіктеуіштерді енгізу және тағайындау сияқты ISBN жүйесінің бірқатар ерекшеліктері музыкалық секторды ұйымдастыру және тәжірибелік әдістемесіне ыңғайлы емес. Осы себептерге байланысты, ISMN және ISBN жеке сәйкестендіру жүйесі ретінде қолданылады.

Стандарт ISO 10957:2009 Ақпарат және құжаттама. Музыкалық шығарма басылымының Халықаралық стандартты нөмірі (ISMN) халықаралық стандартының екінші басылымы аясында әзірленді.

ISO 10957:2009 халықаралық стандартынан айырмашылығы стандартқа төмендегі өзгерістер енгізілді:

- «Қолданылу саласы» бөлімінде стандарттың қолданылуы таралатын республика субъектілері қосымша көрсетілген;

- «Нормативтік сілтемелер» бөлімінде Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын ұлттық стандарттар (ҚР СТ) және «ГОСТ» аббревиатурасымен өңірлік стандарттарға сілтемелер көрсетілген;

- «Терминдер және анықтамалар» бөлімінде «басылым» және «бұйым» біркелкі мағына беретіндіктен, «музыкалық шығарма басылымы» терминіне біріктірілген (3.4 қарау). Бөлім «ISMN» терминімен толықтырылған. (3.1 қарау);

- 4.1 тармағы ISMN нөмірі үлгісін келтіру бөлігінде ISO 10957:2009 4.1 тармағының және 5.1 тармағының құрылымы бойынша негізгі ережелерді қамтиды;

- ISMN нөмірінің элементтерінде сандардың көлемін бақылау мен орналастыру функциялары баспагермен емес, Қазақстан ISMN агенттігімен қарастырылған, себебі, музыкалық шығармалардың ноталық басылымдар нарығы жеткілікті түрде дамымаған;

Нөмір беру бойынша Қазақстан және Ресейдегі жұмыс тәжірибесіне сәйкес 5-бөлімге ISMN ноталық басылымдарда орналасуы жөнінде 3 қосымша тармақша енгізілді (5.3, 5.4, 5.7 қарау);

6-бөлімге ноталық басылымдарға теңестірілген өнімдердің қосымша жаңа төрт түрі енгізілді (6.2, 6.3, 6.7, 6.8 қарау) және музыкалық шығармалар ноталық басылымдардың бірқатар түрлеріне ISMN тағайындаудың ерекшеліктері сипатталған (6.14, 6.15, 6.16). 6-бөлімге сонымен бірге, қолданушының Басшылығын пайдалану бөлімінде А:А.1.1 – А.1.10 (6.1., 6.4,

6.5, 6.6, 6.9, 6.10, 6.11, 6.12, 6.13); А.2 (4.6 қарау) Қосымшаларынан ISMN тағайындаудың жалпы ережелері енгізілген;

Стандарттың 7-бөлімі жекелеген басылымдарға штрих-код берудің ерекшелігін сипаттау бөлігінде ГОСТ ISO/IEC 15420 және 7.2., 7.3. тармақтары бойынша ISMN негізінде қалыптастырылған штрих-кодтың мысалымен толықтырылған;

- Стандартқа 7, 8, 9-бөлімдері және ISO 10957:2009 В, С, D, Е қосымшалары мына себептерге байланысты енгізілмеген:

а) 7-бөлім және С қосымшасы – Қазақстан ISMN Тіркеу агенттігінің функциялары Халықаралық ISMN агенттігінен алынған Сертификатта қарастырылғандығымен байланысты;

б) В қосымшасы – осы стандарттың 4.5 тармағында сілтеме берілген ISMN 13 санды нөмірінің бақылау саны есебінің алгоритмі ГОСТ ISO/IEC 15420 бойынша анықталады;

в) 8-бөлім және D қосымшасы – ноталық басылымдарға арналған шығу мәліметтер ТМД елдерінде қолданыстағы ГОСТ 7.4 бойынша қарастырылған және осы мемлекеттер аумағындағы ноталық басылымдардың шығу мәліметтерінің сәйкестігін қамтамасыз етуге арналған (4.7 қарау);

г) 9-бөлім және Е қосымшасы - ISMN 10 санды нөмірлері Қазақстан Республикасының аумағында пайдаланылмаған.

В, С, D, Е қосымшаларын алып тастауға байланысты қолданушының Басшылығы мен музыкалық шығармалар басылымдарына қатысты төрт дереккөз енгізілген «Библиография» элементінің құрылымдық құрамы өзгертілген ([1] [2] [3] [4]).

Өзгертілген техникалық талаптар мен құрылымының өзгеруі стандарт мәтінінде курсивпен көрсетілген.

Осы стандарттың 4 және 6-бөліміндегі мысалдар шартты түрде көрсетілген.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ**Ақпарат, кітапхана және баспа ісінің стандарттар жүйесі****МУЗЫКАЛЫҚ ШЫҒАРМА БАСЫЛЫМЫНЫҢ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТЫ НӨМІРІ (ISMN)****Баспалық рәсімделуі және қолданылуы****Енгізілген күні 2013-07-01****1 Қолданылу саласы**

Бұл стандарт ноталанған түрдегі (бұдан әрі – ноталық басылым) музыкалық шығармалар басылымдарын теңестіруге арналған ISMN Халықаралық стандартты нөміріне (бұдан әрі – ISMN нөмірі) таратылады және ISMN тағайындау тәртібін, басылымдарда орналасуын, пайдалану тәртібін, жазылуы, құрамы мен құрылымын белгілейді.

ISMN басқа басылымдармен бір бүтінді құрайтын ноталық басылымдардың теңестірілуі үшін пайдаланылады, мысалы, аудио және аудиовизуалды (ноталық басылымдар және оның дыбыс жазбасы).

ISMN басқа тасымалдаушыдағы музыкалық шығармалар басылымдары үшін қолданылмайды, аудио және аудиовизуалды (мысалы, CD және DVD) қатынасында басқа стандарттар пайдаланылады: ISO 3901 [1], ISO 15706-1 [2], ISO 15706-2 [3].

ISMN тауарлық нөмірлеу Еуропалық жүйесінің (EAN) 13 санды кодын пайдаланылатын тасымалдаушыларды (CD және DVD) теңестіру үшін қолданылмайды.

Стандартты Қазақстанның ISMN Тіркеу агенттігі баспа ұйымдары (бұдан әрі қарай – баспагер), сонымен бірге баспалар, полиграфиялық мекемелер және кітап саудасы ұйымдары пайдаланады.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін төмендегі стандарттар қажет:

ҚР СТ 994-2012 Ақпарат, кітапхана және баспа ісінің стандарттар жүйесі. Басылым. Халықаралық стандартты кітап нөмірі. Баспалық рәсімделуі мен қолданылуы.

ГОСТ 7 4-95 Ақпарат, кітапхана және баспа ісінің стандарттар жүйесі. Басылым. Шығу мәліметі.

ГОСТ 7.60-2003 Ақпарат, кітапхана және баспа ісінің стандарттар жүйесі. Басылым. Негізгі түрлері. Терминдер мен анықтамалар.

ГОСТ 7.83-2001 Ақпарат, кітапхана және баспа ісінің стандарттар жүйесі. Электронды басылым. Шығу мәліметі мен негізгі түрлері.

ГОСТ ISO/IEC 15420 Автоматты сәйкестендіру. Штрихты кодтау. EAN/UPC белгісінің ерекшелігі.

ЕСКЕРТПЕ Осы стандартты пайдалану кезінде сілтемелік стандарттар мен жіктеуіштердің қолданысын ағымдағы жылдың жағдайы бойынша «Стандарттар жөніндегі нормативтік құжаттар» жыл сайын басылып шығарылатын ақпараттық көрсеткіш бойынша тексерген дұрыс. Егер сілтемелік құжат ауыстырылса (өзгертілсе), онда осы стандартты басып шығару кезінде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу қажет. Егер құжат ауыстырусыз жойылса, оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлікте қолданылады.

3 Терминдер және анықтамалар

Осы стандартта *ҚР СТ 994, ГОСТ 7.60, ГОСТ 7.83* терминдері, сонымен бірге сәйкес келетін анықтамалармен мынадай терминдер қолданылады.

3.1 ISMN: *Баспагерді және музыкалық шығарманың ноталық басылымын сәйкестендіретін халықаралық стандартты нөмір.*

3.2 «979-0» префиксі: GS1 бірыңғай еуропалық тауарлық коды бойынша Халықаралық кеңес ұсынған тауардың халықаралық нөмірінің префиксі.

ЕСКЕРТПЕ 2005 жылға дейін GS1 бірыңғай еуропалық тауарлық код бойынша Халықаралық кеңес Тауарлық нөмірлеудің Еуропалық Қауымдастығы (EAN) деп аталды.

3.3 Бақылау саны: Алдыңғы барлық сандармен байланысты ISMN нөміріндегі соңғы сан арнайы математикалық алгоритм көмегімен және ISMN нөмірінің дұрыстығын пайдалану үшін қолданылады.

3.4 Музыкалық шығарма басылымы: Музыкалық шығарманың нақты түрі немесе оның жеке бөлігі және бір баспагер, бір автормен жарияланған бір мазмұндағы барлық көшірмелері.

ЕСКЕРТПЕ Сатуға, жалға беруге, тегін таратуға және авторлық құқықты қорғауға арналған ноталық басылымға жатады.

3.5 Ноталық басылым: Қандай да бір пішіндегі нота түріндегі музыкалық шығарманың графикалық үлгісі.

4 Ноталық басылымдардың Халықаралық стандартты нөмірінің құрылымы

4.1 Халықаралық стандартты ноталық басылымдар нөмірінің құрылымы басылымның шыққан тіліне қарамастан, бір-бірінен дефис арқылы бөлінген он үш араб санынан (0-ден 9-ға дейін), төменде көрсетілген төрт элементтен, ISMN аббревиатурасынан тұрады. ISMN аббревиатурасы мен бірінші сан аралық белгі арқылы бөлінеді.

МЫСАЛЫ ISMN 979-0-803850-03-2

ISMN құрылымының элементі:

- префикс «979-0»;
- тіркелушінің нөмірі;
- басылым нөмірі;
- бақылау саны.

Ноталық басылымдарда ISMN 13 санды нөмірінің штрих-коды *ГОСТ ISO/IEC 15420* сәйкес келуі қажет.

4.2 «979-0 префикс» элементі

«979-0» префикс – «Музыкалық өнім» тауарын анықтау үшін бірыңғай еуропалық тауарлық код бойынша Халықаралық кеңесімен ұсынылған. «0» саны музыкалық шығармалар ноталық басылымдарының сәйкестігі үшін ерекшеленген.

4.3 «Тіркелушінің нөмірі» элементі

Берілген элемент нақты баспагерді сәйкестендіреді.

Тіркелуші нөмірін қазақстандық баспагер ISMN Халықаралық Агенттігінен Сертификаты бар, өз қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық мемлекеттік Кітап палатасының әдістемелік басшылығымен жүзеге асыратын Қазақстанның ISMN Тіркеу агенттігінен алады.

«Тіркелуші нөмірі» элементі әр баспагердің басылым санына байланысты, ұзақтығына қарай белгіленеді.

4.4 «Басылым нөмірі» элементі

«Басылым нөмірі» элементі ISMN сандық нөміріндегі нақты ноталық басылымды немесе ISMN сандық нөміріндегі оның бөлігін сәйкестендіреді (мысалы, оркестр партитурасы, қалталық партитура)

«Басылым нөмірі» элементінің ұзақтығы алдыңғы «тіркелуші нөмірі» элементінің ұзақтығымен анықталады.

4.5 «Бақылау саны» элементі

Бақылау саны ISMN сандық бөлігін тексеру үшін пайдаланылады. *13 санды ISMN үшін бақылау нөмірі ГОСТ ISO/IEC 15420 бойынша 10 алгоритм модулінің көмегімен есептеледі.*

4.6 ISMN нөмірі элементінде сандар ауқымын орналастыру және бақылау ISMN [4] қолдану Басшылығына сәйкес *Қазақстан ISMN тіркеу агенттігімен* жүзеге асады.

4.7 ISMN алу үшін баспагер әрбір ноталық басылымға сәйкес Қазақстан ISMN Тіркеу агенттігіне қажетті ақпарат жолдайды. Ноталық басылымдардың шығу мәліметі *ГОСТ 7 4* сәйкес келуі қажет.

5 ISMN ноталық басылымдарда орналасуы

5.1 ISMN нөмірі ноталық басылымның екінші жағына немесе мұқабаның келесі бетіне (болған жағдайда) авторлық құқықты қорғау немесе басқа белгінің алдына, оқылымға ыңғайлы жерде басылады.

5.2 Бір бетте орындалған ноталық басылымда ISMN авторлық құқықты қорғау белгісінің алдына парақтың төменгі жағына немесе айқара жағына орналастырылады.

5.3 *Папкаға жинақталған жекелеген беттерден тұратын ноталық басылымдарда ISMN авторлық құқықты қорғау белгісінің алдына папканың (футляр) келесі жағына келтіреді.*

5.4 *Әр түрлі музыкалық инструменттер мен вокалға арналған партитуралық басылымы бар кешенді ноталық басылымда ISMN папканың соңғы бетінде немесе футлярда көрсетіледі, кешенді ноталық басылымға кіретін жеке ноталық басылымның ISMN титулды беттің келесі бетінде немесе бірінші беттің төменгі жағында жазылады.*

5.5 Аудио және аудиовизуалды басылымдарда ISMN тасымалдаушының жапсырмасында, бірінші және екінші қаптамада келтіріледі (қорап, футляр).

5.6 Электронды, оның ішінде ноталық басылымдарда (мысалы, онлайн режимде орындалған), ISMN бетте немесе мониторда немесе оның эквивалентінде (мысалы, экрандағы бірінші көрініс, мазмұнға бірден қолжетімді (және) авторлық құқық туралы жазба көрсетілген экранда шығарылады.

5.7 Микроформалардағы ноталық басылымдарда ISMN бірінші қаптамада және шығарылған басылымның титулды парағына сәйкес келетін кадрларда келтіріледі.

5.8 Егер ноталық басылым антология екенін білдірсе, антологиядан бөлек шыққан ноталық басылымнан айырмашылығы, оған жеке ISMN нөмірі тағайындалады.

5.9 Егер ноталық басылымда сәйкестендіретін ISMN тәрізді басқа әріптік-сандық Халықаралық нөмір болса, онда олар бір-біріне жақын аралықта басылады. Халықаралық стандартты нөмірдің әрқайсысына сәйкес аббревиатурасы (мысалы, ISBN, ISSN, ISRC, ISAN, ISWC, ISMN) болуы керек.

6 Ноталық басылымдарға ISMN тағайындау

ISMN тағайындалады:

6.1 Әрбір ноталық басылымға (мысалы, оркестр партитурасына, қалталық партитураға, әр түрлі музыкалық инструменттер мен әр түрлі дауыстарға);

6.2 Жалпыдан бөлек жеке атауы бар сериалды ноталық басылымдардың жеке басылымдарына;

6.3 Ноталық жазбасы бар музыкалық шығарма, музыкалық шығарманың орындалу жазбасы немесе музыкалық шығарманың ноталық жазбасы бар мультимедиялық басылымдардың бөлігіне;

6.4 Басқа музыкалық шығармадан алынған үзіндісі бар ноталық басылымға;

6.5 Көп томды ноталық басылымға және оның әрбір томына әр түрлі ISMN тағайындалады;

6.6 Қайта басылған музыкалық шығарманың әрқайсысына немесе оның орындалуына (мысалы, басқа дауысқа арналған транспозиция);

6.7 Біріктірілген ноталық басылымның әрқайсысына;

6.8 Музыкалық шығарманың және оның орындалуының факсимильді репринтті басылымына;

6.9 Әр түрлі формада орындалған ноталық басылымдарға: микроформаларда, Брайль шрифті, әр пішіндегі жеке-жеке қолжетімді электронды ноталық басылымға (мысалы: PDF, HTML);

6.10 Қайта қарау көлеміне қарамастан оның мазмұнын көруге мүмкіндік бар ноталық басылымның әрқайсысына (толықтай және жартылай);

6.11 Пішіні өзгертілген ноталық басылымның әрқайсысына:

- қаптамасы (мысалы, матамен, қағаз, спиральді);

- басылымның көлемі мен мөлшері (мысалы, жаңа толық оқу немесе қалталық партитураны жасау мақсатында);

- жеке-жеке қолжетімді, бөлікке бөлінген, кешенді ноталық басылымға немесе бөлігіне, жеке-жеке қолжетімді, жаңа жинақталған ноталық басылымға;

6.12 Жаңа ноталық басылымға жатпайтын, мұқабасы мен түсін рәсімдеуде өзгертілген ноталық басылымдарға;

6.13 Нақты ноталық басылымға берілген ISMN өзгермеуі қажет, егер ISMN қате анықталған жағдайда немесе ноталық басылым көптен жарыққа шықпаса (қайта басылса) жаңасымен ауыстырылады немесе басқа ноталық басылымға пайдаланылады.

6.14 Бірнеше баспагер шығарған ноталық басылымда (оның ішінде қазақстандық және шетелдік баспагерлер бар) ISMN әрбір баспагер-серіктеске беріледі. Баспагердің атауына сәйкес ISMN дөңгелек жақшада, тырнақшасыз, титулды парақта көрсетілгеніндей жазылады.

МЫСАЛЫ

ISMN 979-0-66010-030-1 (Композитор),

ISMN 979-0-803850-03-2 (Тарлан).

6.15 Көп томды ноталық басылымға көп томды басылымның және берілген томның ISMN көрсетіледі (дөңгелек жақшада томның нөмірі көрсетіледі);

МЫСАЛЫ

ISMN 979-0-805355-06 -5 (т.1),

ISMN 979-0-805355-05-5.

6.16 Кешенді, біріктірілген ноталық басылымның құрамына кіретін ноталық басылымда берілген ноталық басылымының ISMN (дөңгелек жақшада «жеке кітап» немесе «жеке басылым») және кешенді, біріктірілген ноталық басылымның ISMN көрсетіледі;

МЫСАЛЫ


ISMN 979-0-706350-10 -3 (жеке кіт.),

ISMN 979-0-706350-09-7.

7 Ноталық басылым штрих-кодының белгісі

7.1 EAN-13 басылымы штрих-кодының белгісі ISMN негізінде әзірленеді және *ГОСТ ISO/IEC 15420* бойынша қойылады. ISMN номері тікелей штрих-код белгісінің үстіңгі жағында көрсетілуі тиіс (1-суретті қарау).

ISMN 979-0-803850-03-2



1-сурет

7.2 Көп томды басылым томындағы EAN-13 штрих-код белгісі жеке томның ISMN негізінде әзірленеді;

7.3 Бірнеше баспагер бірігіп шығарған ноталық басылымның EAN-13 штрих-коды белгісі бір баспагер-серіктестің ISMN номері негізінде дайындалады.

А қосымшасы
(ақпараттық)

**Халықаралық стандарт құрылымын ұлттық стандарт
құрылымымен салыстыру**

1-кесте

ISO 10957:2009 халықаралық стандартының құрылымы	Ұлттық стандарт құрылымы
1 ¹⁾ бөлім	1-бөлім (1-бөлім)
2 ¹⁾ бөлім	2-бөлім (2-бөлім, 8-бөлім, D қосымшасы)
3 бөлім	3-бөлім
3.1 ¹⁾	3.1
3.2	3.2 (3.3)
3.3	3.3 (3.1)
3.4 ¹⁾	3.4 (3.2, 3.4)
3.5	3.5 (3.5)
4-бөлім	4-бөлім
4.1 ¹⁾	4.1 (4.1, 5.1)
4.2	4.2 (4.2)
4.3	4.3 (4.3)
4.4	4.4 (4.4)
4.5	4.5 (4.5, B қосымшасы)
- ¹⁾	4.6 (4.1, A.2)
- ¹⁾	4.7 (8-бөлім және D қосымшасы)
5-бөлім	5-бөлім
5.1	5.1 (5.2.1, 5.2.2, 5.2.3)
5.2	5.2 (5.2.4)
5.2.1	-
5.2.2	-
5.2.3	-
5.2.4	-
5.2.5	-
5.2.6	-
5.2.7	-
5.2.8	-
- ¹⁾	5.3
- ¹⁾	5.4
-	5.5
-	5.6 (5.2.5)
- ¹⁾	5.7

1-кесте (жалғасы)

ISO 10957:2009 халықаралық стандартының құрылымы	Ұлттық стандарт құрылымы
-	5.8 (5.2.7)
-	(5.2.8)
6 ¹⁾ бөлім	6-бөлім (6-бөлім, А қосымшасы)
-	1 (А.1.1)
- ¹⁾	6.2
- ¹⁾	6.3
-	6.4, (А.1.2)
-	6.5 (5.2.6, А.1.3)
-	6.6, (А.1.4)
- ¹⁾	6.7
- ¹⁾	6.8
-	6.9 (А.1.5)
-	6.10 (А.1.6)
-	6.11 (А.1.7)
-	6.12 (А.1.8)
-	6.13 (А.1.9)
- ¹⁾	6.14
- ¹⁾	6.15
- ¹⁾	6.16
7 ¹⁾ бөлім	-
-	7-бөлім
-	7.1(4.1)
- ¹⁾	7.2
- ¹⁾	7.3
8 ¹⁾ бөлім	-
9 ¹⁾ бөлім	-
А ¹⁾ қосымша	-
В ¹⁾ қосымша	-
С ¹⁾ қосымша	-
Д ¹⁾ қосымша	-
Е ¹⁾ қосымша	-
Библиография ¹⁾	Библиография
-	А қосымшасы (ақпараттық)

¹⁾ ISO 10957:2009 халықаралық стандартына сәйкес осы стандарт құрылымының, тармақшалары, қосымша тармақтарымен мазмұнының өзгеруі туралы түсініктемелер, сонымен бірге қосымшалар стандарттың Кіріспесінде көрсетілген.

ЕСКЕРТПЕ Стандарттың «Ұлттық стандарт құрылымы» екінші бөлімінде ISO 10957:2009 халықаралық стандарт бөлімдері мен тармақтарынан кейін жақшада оған енгізілген бөлімдер, тармақтар тармақшалары қосымшалар (олардың тармақтары) көрсетілген.

Библиография

[1] ISO 3901 Ақпарат және құжаттама. Халықаралық стандартты тіркеу коды (ISRS).

[2] ISO 15706-1 Ақпарат және құжаттама. Аудиовизуалды материалдардың Халықаралық стандартты нөмірі (ISAN). 1-бөлім. Аудиовизуалды жұмыстың идентификаторы.

[3] ISO 15706-2 Ақпарат және құжаттама. Аудиовизуалды материалдардың Халықаралық стандартты нөмірі (ISAN). 2-бөлім. Нұсқа идентификаторы.

[4] ISMN қолданушының нұсқауы. Берлин, ISMN Халықаралық агенттігі. <http://ismn-international.org/> сайтына қарау.

ӘОЖ 655.535.2:006.354

МСЖ 01.140.20

Түйінді сөздер: Музыкалық шығарма басылымының халықаралық стандартты нөмірі ISMN, ноталық басылым, аудиобасылым, аудиовизуалды басылым, электрондық басылым



НАЦИОНАЛЬНЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
Система стандартов по информации, библиотечному и издательскому делу

**МЕЖДУНАРОДНЫЙ СТАНДАРТНЫЙ НОМЕР
ИЗДАНИЯ МУЗЫКАЛЬНОГО ПРОИЗВЕДЕНИЯ (ISMN)**

Издательское оформление и использование

СТ РК 2202-2012

*(ISO 10957:2009 Information and documentation.
International standard music number (ISMN), MOD)*

Издание официальное

**Комитет технического регулирования и метрологии
Министерства индустрии и новых технологий Республики Казахстан
(Госстандарт)**

Астана

Предисловие

1 РАЗРАБОТАН И ВНЕСЕН РГУ «Национальная государственная Книжная палата Республики Казахстан»

2 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ Приказом Председателя Комитета технического регулирования и метрологии Министерства индустрии и новых технологий Республики Казахстан от 08 октября 2012 года № 472-од.

3 Настоящий стандарт модифицирован по отношению к международному стандарту ISO 10957: 2009 Information and documentation. International standard music number (ISMN) (Информация и документация. Международный стандартный номер изданий музыкальных произведений (ISMN)), путем изменения структуры и внесения дополнительных положений (требований), что обусловлено причинами, разъяснения которым даны во Введении настоящего стандарта.

Международный стандарт ISO 10957:2009 разработан Техническим комитетом ISO/TC 46, Информация и документация, подкомитетом SC 9 «Определение и описание».

Перевод с английского языка (en).

Официальный экземпляр международного стандарта ISO 10957:2009, на основе которого разработан настоящий национальный стандарт, имеется в Едином государственном фонде нормативных технических документов.

Сравнение структуры международного стандарта со структурой настоящего стандарта приведено в Приложении А.

Степень соответствия - модифицированная (MOD).

**4 СРОК ПЕРВОЙ ПРОВЕРКИ
ПЕРИОДИЧНОСТЬ ПРОВЕРКИ**

2018 год
5 лет

5 ВВЕДЕН ВПЕРВЫЕ

Информация об изменениях к настоящему стандарту публикуется в указателе «Нормативные документы по стандартизации», а текст изменений и поправок в ежемесячных информационных указателях «Государственные стандарты». В случае пересмотра (замены) или отмены настоящего стандарта соответствующее уведомление будет опубликовано в ежемесячно издаваемом информационном указателе «Государственные стандарты»

Настоящий стандарт не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Комитета технического регулирования и метрологии Министерства индустрии и новых технологий Республики Казахстан

Содержание

Введение	V
1 Область применения	1
2 Нормативные ссылки	2
3 Термины и определения	2
4 Структура Международного стандартного номера нотного издания	3
5 Месторасположение ISMN в нотных изданиях	4
6 Присвоение ISMN нотным изданиям	5
7 Символ штрихового кода нотного издания	7
Приложение А (информационное) Сравнение структуры международного стандарта со структурой национального стандарта	8
Библиография	10

Введение

Международный стандартный номер издания музыкального произведения (ISMN) в нотированном виде разработан сектором музыкальных публикаций в качестве отдельной идентификационной системы для дополнения Международного стандартного книжного номера (ISBN). Наличие ISMN в виде отдельной системы позволяет идентифицировать нотные издания как индивидуальную категорию публикаций в рамках глобальной цепи поставок и разрабатывать справочники о фирмах и прочих услугах для специализированного рынка музыкальных произведений. В дополнение, некоторые особенности системы ISBN, такие как включение национальных классификаций в структуру ISBN и его присвоение, не приспособлены к практическим методам и организации музыкального сектора. По этим причинам, ISMN и ISBN сосуществуют в качестве отдельных идентификационных систем.

Настоящий стандарт разработан на базе второго издания международного стандарта ISO 10957:2009 Информация и документация. Международный стандартный номер изданий музыкальных произведений (ISMN).

В отличие от международного стандарта ISO 10957: 2009 в настоящий стандарт внесены следующие изменения:

- в Разделе «Область применения» дополнительно указаны субъекты республики, на которые распространяется действие стандарта;

- в Разделе «Нормативные ссылки» приведены ссылки на региональные стандарты с аббревиатурой «ГОСТ» и национальные стандарты (СТ РК), действующие в Республике Казахстан;

- в Разделе «Термины и определения» термины «издание» и «изделие» объединены в единый термин «издание музыкального произведения» (см. 3.4), т.к. они имеют одно значение. Раздел дополнен термином «ISMN» (см. 3.1);

- Пункт 4.1 содержит основные положения по структуре Пункта 4.1 и Пункта 5.1 из ISO 10957:2009, в части приведения примера номера ISMN;

- функции по распределению и контролю за диапазонами цифр в элементах номера ISMN предусмотрены не за издателем, а за Регистрационным агентством ISMN Казахстана, т.к. рынок нотных изданий музыкальных произведений не имеет достаточного развития;

- исходя из практики работ по выдаче номеров в России и Казахстане в Раздел 5 включены 3 дополнительных подпункта о месте расположения ISMN на нотных изданиях (см. 5.3, 5.4, 5.7);

- в Раздел 6 дополнительно включены четыре новых вида продукции, отнесенных к нотным изданиям (см. 6.2, 6.3, 6.7, 6.8) и описаны особенности присвоения ISMN некоторым видам нотных изданий музыкальных произведений (см. 6.14, 6.15, 6.16). В Раздел 6 также включены общие

СТ РК 2202-2012

принципы присвоения ISMN из Приложения А: А.1.1 – А. 1.10 (см. 6.1, 6.4, 6.5, 6.6, 6.9, 6.10, 6.11, 6.12, 6.13); А.2 (см.4.6), в части использования Руководства пользователя;

- Раздел 7 настоящего стандарта дополнен примером штрихового кода, сформированного на основе ISMN по ГОСТ ISO/IEC 15420 и пунктами 7.2 и 7.3, в части описания особенностей присвоения штриховых кодов отдельным изданиям;

- в стандарт не включены Разделы 7, 8, 9 и Приложения В, С, D, Е из ISO 10957: 2009 по следующим причинам:

а) Раздел 7 и Приложение С - в связи с тем, что функции Регистрационного Агентства ISMN Казахстана предусмотрены в Сертификате, полученном от Международного Агенства ISMN;

б) Приложение В – так как алгоритм расчета контрольной цифры для 13-значного номера ISMN определяется по ГОСТ ISO/IEC 15420, на который дана ссылка в Пункте 4.5 настоящего стандарта;

в) Раздел 8 и Приложение D - так как выходные сведения для нотных изданий предусмотрены по ГОСТ 7.4, действующему в странах СНГ и обеспечивающему совместимость выходных сведений нотных изданий на территории этих государств (см. 4.7);

